

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімді және 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 қаңтар N 6

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімді және 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша

шекаралық өту туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімді және 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

1999 жылғы 15 қарашада Бішкек қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісім және 2001 жылғы

31 мамырда Астана қаласында жасалған 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасында
Алматы-Бішкек бағытындағы шекаралық өткел туралы
КЕЛІСІМ

КІРІСПЕ

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі, аймақтық және халықаралық сауданы дамыту үшін Алматы-Бішкек автомобиль жолының бойында орналасқан Ақжол-Шу (Қордай) шекара бекетінде қол жеткізілген уағдаластықтардан және транзиттік жол-көлік келісімдерінен шыға отырып,

шекарада оңтайлы, келісілген және өзара тиімді көлік-коммуникациялық жүйені дамытып, сақтауға ұмтыла отырып,

екі ел арасындағы келісілген саудадан және көлік кеңістігінен өзара пайда табу мақсатында,

халықаралық ұйымдардағы мүшелігіне және халықаралық конвенцияларға қосылатындығына сүйене отырып,

Уағдаласушы Тараптар арасында жолаушылардың, тауарлардың және багаждың бір қалыпты, тез және тиімді қозғалуына жәрдемдесудегі өз міндеттерін мақұлдай отырып,

төмендегі жөнінде келісті:

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын анықтамалардың мағыналары мынадай:

"Келісім" - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасында Алматы-Бішкек бағытындағы шекаралық өткел туралы келісім;

"тіркейтін кеден қоймасы" - кеден билік органдары тауарларды халықаралық транзитте уақытша сақтау үшін бекіткен және осы органдар бақылайтын, баждары төленбеген тауарларды сақтауға арналған кеден қоймасы;

"шекара" - Алматы-Бішкек автомобиль жолының бойында орналасқан Ақжол - Шу (Қордай) шекара өткелі;

"шекаралық бақылау аумағы" - шекара бекеттерінің арасында немесе оларға жақын жерде орналасқан және шекаралық билік органдары бақылайтын кіруге шектеулі аумақ;

"тасымалдаушы" - тауарларды, жолаушыларды немесе багажды халықаралық тасымалдауды орындауға уәкілеттілендірілген заңды немесе жеке тұлға, сондай-ақ багаж жөнелтушімен немесе жолаушымен тауарлар мен жолаушыларды тасымалдауға өзі немесе оның атынан келісім-шарт жасалған тұлға;

"CMR" - соған сай тауар 1956 жылғы Жүктерді халықаралық жолмен тасымалдау шарты туралы конвенцияға (ЖТШК) сәйкес жол тауарларын сақтандыру жөніндегі міндеттемелерге қатысты тасымалданатын халықаралық тауар-көлік жүкқұжаты;

"тасымалдауға арналған келісім-шарт" - тасымалдаушы соған сәйкес өзіне бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына белгіленген ақы үшін тауарды, жолаушыларды немесе багажды жеткізіп беру міндеттемесін алатын келісім-шарт;

"шекаралық жол қозғалысы" - Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткелі арқылы транзиттік мақсаттағы жол қозғалысы;

"кедендік бақылау" - Уағдаласушы Тараптардың кеден органдары кеден қызметінің ішкі кеден заңдарына және кеден органдары орындауға міндетті халықаралық келісімдерге сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын шаралар;

"ішкі заңдар" - Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер;

"тауарлар" - тауарлар мен азық-түліктің, тірі жануарларды қоса, кез келген түрлері. Тауарлар буып-түйілген немесе контейнерге, поддонға немесе тасымалдау үшін ұқсас бұйымға біріктірілген жағдайда "тауар" терминіне осындай тасымалдауға арналған бұйымдар немесе багаж анықтаушы жеткізіп беретін бума да кіреді;

"бір аялдама" - екі мемлекеттің қызметшілері шекарадан өтуі кезінде қажетті құжаттарды бірлесіп өңдеу жүргізу үшін жағдай жасау;

"импорттық баждар және салықтар" - тауарларды импорттау кезінде алынатын

импорттық кеден баждары, алымдары және салықтары;

"ішкі жол қозғалысы" - тиеу немесе түсіру Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында жүргізілген тауарларды немесе жолаушыларды осы Уағдаласушы Тарап мемлекеті аумағының ішінде түсіру үшін тасымалдау;

"көлік құралдары" - жолаушыларды, тауарларды немесе багажды, үстінде орналастырылған жабдықты, контейнерлер мен көлік жабдықтарының басқа түрлерін қоса, тасымалдау үшін пайдаланылатын кез келген құралды білдіреді;

"жолаушы" - өзі немесе оның атынан жасалған тасымалдау келісім-шартын орындау кезінде оны тасымалдаушы ақысына немесе ақысыз тасымалдайтын кез келген жекке тұлға;

"рұқсат" - Уағдаласушы Тараптың құзыретті органы берген құжат, соған сәйкес кез келген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралына екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына кіруге, шығуға немесе транзиттік өтуге рұқсат немесе құқық беріледі;

"арнайы рұқсат" - Уағдаласушы Тараптың құзыретті органы берген құжат, соған сәйкес осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде өтуіне рұқсат беріледі;

"Жүк жөнелтуші" - соның атынан немесе соның мүддесінде тасымалдаушымен, не болмаса соның атынан немесе соның мүддесінде тауарлар тасымалдауға арналған келісім-шартқа сәйкес тауарлар нақты жеткізіп берілетін кез келген тұлғамен келісім-шарт жасалған кез келген тұлға;

"ақысыз балама жол" - көлік құралының техникалық көрсеткіштері ақылы жолдан қалыспайтын, ақысыз басқа жолмен сол бағытта жүріп өту мүмкіндігінің болуы;

"TIR конвенциясы" - 1975 жылғы Халықаралық жүк тасымалдары туралы кедендік конвенцияның шарттарына сәйкес тауарларды тасымалдау (МДП кітапшасын қолданумен) .

2 - б а п

Келісімнің мақсаттары мен міндеттері

Осы Келісімнің негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар:

тауарлардың, багаждың және жолаушылардың Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің тиісті аумақтары бойынша және олардың арасында тиімді қозғалысы арқылы Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің арасында сауда жүргізуге жәрдемдесу және жағдай жасау ;

тауарлардың, багаждың және жолаушылардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткелі арқылы өтуі сәтінде және Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзиттік қозғалыс уақытында бостан-бос

кідірістерді

болдырмау;

Уағдаласушы Тараптардың төлемдерді заңсыз алуға, салық төлеуден жалтаруға, тыйым салынған немесе шектелген тауарлармен сауда жүргізуге, сондай-ақ шекарада және Уағдаласушы Тарап мемлекеттері аумақтарының ішіндегі бару мекендерінде кедендік тазарту рәсімдерінен өткенде кідіріске жол бермеуге бағытталған күштерін біріктіру және үйлестіру;

Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтарында және олардың арасында халықаралық жол-көлік қызмет көрсетулерін беру үшін қажетті барлық құралдармен қамтамасыз ету;

Шекаралық жол өткелі және транзиттік тасымалдар мәселелеріне арналған қажетті әкімшілік шараларын келісу;

Келісім Тараптары арасында халықаралық жол-көлік қызмет көрсетулерінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуды қолдау.

3 - б а п

Келісімді қолдану саласы

Осы Келісімнің ережелері, Қосымшаны қоса, Ақжол-Шу (Қордай) шекара бекетінен және/немесе Алматы-Бішкек автомобиль жолынан басталатын және/немесе аяқталатын не болмаса жол бойындағы жол қозғалысына қатысты қолданылатын болады.

4-бап

Жол алымдары

Тасымалдаушылар немесе олардың көлік құралдары бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына жүзеге асыратын жолаушылар және жүк тасымалдарынан келешекте Алматы-Бішкек жолында алым алынатын болады және оларды қолдану Уағдаласушы Тараптар арасында кеңесулер арқылы келісілетін болады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

5-бап

Жолды жобалау және оның техникалық сипаттамалары

Уағдаласушы Тараптар Алматы-Бішкек автомобиль жолын ұстауды, қалпына

келтіруді және қайта жаңартуды Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын Құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНЕ) сәйкес жүзеге асыратын б о л а д ы .

Уағдаласушы Тараптар автокөлік қозғалысының қауіпсіздігін жақсартуға және қолданылатын Құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес қозғалыс құралдарын өткізу санын көбейтуге бағытталған Алматы-Бішкек автомобиль жолын жалпы жобалауға, жол бетіне және Қордай асуы ақылы трассаның жоспарына қатысты жетілдіруге қаражат бөлу үшін күш салады.

6 - б а п

Ш е к а р а м а ң ы н д а ғ ы қ ұ р а л д а р

Уағдаласушы Тараптар шекара маңындағы бірдей құралдардың және мыналарды қоса, қажетті құрылыстардың болуын қамтамасыз етеді:

кедендік шекаралық бақылау қызметшілері үшін жұмыс бөлмелері;
кеден, Көліктік бақылау комитеті, жол полициясы үшін әкімшілік бөлмелері,
сондай-ақ қажеттілігіне қарай шекаралық күзеттің, денсаулық сақтау ұйымдарының,
малдәрігерлік және санитарлық қызмет көрсетудің уақытша қызметшілері үшін
қ о с ы м ш а б ө л м е л е р ;

көлік құралдарын қарауға арналған аспап-құралдар;
транзиттік құжаттарды өңдеу уақытында көлік құралдарының тұрағына арналған
ж е т к і л і к т і а л а ң ;

жүк және жолаушылар көлік құралдары үшін жеке қозғалыс жолақтары;
кириллица және латын әріптерімен орындалған айқын жазулар;
шекара маңында қызмет көрсету құралдары көлік құралдары мен тауарлар бір
орында қаралатындай, ал тауарларды қайталап қарауды, тиеуді және түсіруді
болдырмайтындай түрде орналастырылатын және ұйымдастырылатын шекаралық
бақылаудың белгіленген аумақтарының ішінде орын алатын болады. Уағдаласушы
Тараптар Ақжол-Шу (Қордай) шекара маңындағы бақылау құралдарын біріктіруге
және әрбір бағытта "бір аялдама" сызбасы бойынша құранды шекаралық бақылау
құруға күшін бағыттайды. Жақын маңдағы Жол

полициясының бақылау бекеттерін қосу мүмкіндігі қаралатын болады.

7-бап

Бақылау бекеттері

Уағдаласушы Тараптар Алматы-Бішкек автомобиль жолындағы жол бақылау бекеттерінің санын азайту үшін барлық қажетті шараларды, сондай-ақ жол

қозғалысын негізсіз кідіртуді қысқарту үшін шекара өткелінде кеден, полиция бекеттерін және салмақ бақылау бекеттерін қосу жөніндегі шараларды қабылдайды.

8-бап

Тіркейтін кеден қоймасында тауарларды сақтау

Уағдаласушы Тараптар тіркейтін кеден қоймасында тауар сақтау жүйесін енгізіп, дамытуға, сонымен бірге кеден төлемдері мен салықтарын төлегенге дейін, және кіретін, немесе шығатын соңғы кеден тазартуына дейін транзиттік импорт, немесе экспорт тауарларын сақтауға арнап Алматы және Бішкек маңында кеден құрылымдарын дамытуға барынша қолдау көрсететін болады.

Уағдаласушы Тараптар автомобиль көлігі шекарадан өткенде және жол бойында қаралатын құжаттарды тексеріп дайындауды күту мерзімін азайтуға бағытталған іс-шараларды анықтау үшін жүкті тазалаудың тиісті рәсімімен танысатын болады. Бұған соңғы кеден тазартуынан өткенге дейін тауарды

сақтауға болатын, Кеден мекемесі мақұлдаған қоймаларды немесе басқа жайлы құрылыстарды кеңінен пайдалану есебінен көлік құралын тез босатудың әлеуетті мүмкіндігі кіреді.

9-бап

Жол бойындағы қызмет көрсету объектілері

Уағдаласушы Тарап жол бойында қазіргі заманғы бірлескен құранды қызмет көрсету объектілерін құратын болады, ал оның құрамына мыналар кіреді:

- жоғары октанды және төмен октанды бензинді, дизель отынын және май сататын автожанаржағармай құю станциясы;

- дәмхана;

- тамақтану нүктелері бар демалыс аумақтары (мотель, шайхана және т.б.);

- медициналық және санитарлық-тұрмыстық нүктелер;

- коммуникация құралдары.

Алматы-Бішкек автомобиль жолының бойында кемінде екі осындай құрылыс тұрғызылуы тиіс.

Жол көлік қызметін көрсету шарттары

10-бап

Жол қозғалысы ережелері

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің аумағында күші бар жол қозғалыс ережелері өзінің мән-мағынасы жағынан 1968 жылғы Жол қозғалысы туралы конвенция және Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенция ережелеріне сай болуын кепілдеу үшін тиісті шаралар қабылдайтын болады.

1 1 - б а п

Шекарадағы және транзиттік қозғалыстың қауіпсіздігі

Уағдаласушы Тараптар Алматы-Бішкек автомобиль жолындағы шекара өткелі мен жолдың өн бойында қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау шараларын қамтамасыз етуге шаралар қабылдайтын болады.

Уағдаласушы Тараптар көлік құралдарының, жүктің және т.б. ЖКО әсерінен бүлінгендерін жолдың жүретін бөлігінен әкетіп босатуына, сонымен қатар оларды күзетті тұрақтарға немесе алаңдарға жеткізуге көмектесу арқылы жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен тасымалдаушыларға жәрдем көрсету үшін қажетті шаралар қолданатын болады.

1 2 - б а п

Кеден бажы, салығы, басқа алымдар мен аударылатын сомалар

Уағдаласушы Тараптар мынадай тауар түрлерін импорттық баж бен салықтардан босатуға келісім береді:

келген көлік құралының кәдімгі жанар май бағіндегі құюлы жанар-жағармай материалдары;

жолда жүру барысында көлік құралын пайдалану үшін қажетті қосалқы бөлшектер, жабдықтар мен құралдар;

Сонымен қатар Уағдаласушы Тараптар техникалық және жөндеу көлік құралдарына уақытша кіруге рұқсат беруге келіседі. Бұған Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумағына уақытша кіруге рұқсат алған көлік құралдарының құрамына кіретін, немесе оларда қолданылған бөлшектер мен құралдарды ауыстыру арқылы жөндеу мен техникалық күтім жасау барысында қолданылатын қосалқы бөлшектер, агрегаттар мен құралдар да кіреді.

1 3 - б а п

Жанар-жағармай материалдарын (ЖЖМ) беру

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің көлік құралдарына өз мемлекетінің аумағында жүруіне қажетті жанар-жағармай материалымен қамтамасыз ету құқығын беруге келіседі.

14-бап

Жүргізуші куәліктерінің күшін өзара қуаттау

Автобустар мен жүк автомашиналарының жүргізушілерінде көлік құралының категориясына сәйкес келетін ұлттық, немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және өзінің жүргізетін көлік құралының ұлттық тіркеу құжаттары болуы керек.

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласушы Тарапты құзыретті органдары берген жүргізуші куәлігін, көлік құралының тіркелген нөмірлік белгілерін қуаттайтын болуы тиіс.

15-бап

Жолаушы және жүк тасымалдау құралдарының
техникалық жағдайын бақылау

Уағдаласушы Тараптар жолаушылар мен жүк тасымалдау көлігінің қозғалыс үшін қауіпсіз техникалық жағдайда екеніне кепілдік беру үшін техникалық жағдайына тиісті бақылау жүргізіп отыруға міндеттенеді.

16-бап

Моторлы көлік құралы үшін үшінші жақты
мүддесін сақтандыру жүйесі

Уағдаласушы Тараптар көлікті және автотасымалын сақтандыру саласындағы өз аумағында күші бар заң актілерін бір нысанға келтіруге қажетті шараларды қолданатын болады.

17-бап

Филиалдар құру

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында трансшекаралық және транзиттік қызмет көрсететін көлік компанияларына осындай қызмет көрсету мақсатындағы филиалдарды құруға рұқсат береді. Мұндай филиалдар құру ісі Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдарымен үйлесе іске асырылуы тиіс.

1 8 - б а п
Көлік қызметін көрсету

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарапқа өз мемлекетінің аумағында немесе өз шекарасы арқылы транзиттік қозғалысты қамтамасыз етуге қажетті жағдай жасайтын болады және екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралдарына өз мемлекетінің аумағында трансшекаралық және транзиттік тасымалдау қызметін көрсетуге рұқсат береді.

Осы Келісімнің шарттарын ұстана отырып, Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласушы Тарапқа өз мемлекетінің аумағында немесе өзінің шекарасы арқылы транзиттік қозғалысты қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар жасайтын болады.

Егер қаралып отырған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысы Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралдарына транзиттік тасымалдарға арналған рұқсат алмаған болса, екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында халықаралық тауар, жолаушы және жүк тасымалын жүргізуге тыйым салынатын болады.

1 9 - б а п
Көлік құралдарын уақытша кіргізу

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген көлік құралдарына осы Келісімнің 18-бабында анықталғанындай, олар ішкі көлік тасымалдарымен айналыспайды деген шартпен, заңды көлік операцияларына байланысты мерзімін шектеместен өз мемлекетінің аумағында уақытша қалуға рұқсат б е р е д і .

2 0 - б а п
Тасымалдар жасауға рұқсат беру

Уағдаласушы Тараптар трансшекаралық және транзиттік тасымал жүргізу барысында тауар, жолаушы және жүк тасымалына шектеусіз және үлессіз рұқсат беруге қойылатын талаптарды келіседі және жеңілдететін болады.

Егер бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы ішінде Алматы-Бішкек

автомобиль жолындағы қозғалыс жөніндегі Қосымшада қабылданған стандарт көрсеткіштерінен салмағы, көлемі немесе білікке түсетін күші асып кетсе, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдаушы екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдарынан арнайы рұқсат алуы тиіс.

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында немесе олардың аумағы бойынша автобуспен жолаушыларды тасымалдау рұқсат негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай рұқсаттарды Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары Халықаралық жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдау туралы Конвенцияның (Бішкек, 9 қазан, 1997) нұсқауларына сәйкес беретін болады.

Екіжақты автомобиль тасымалдары рұқсатсыз негізде жүзеге асырылады. Транзиттік автомобиль тасымалдары рұқсат берудің негізінде жүзеге асырылады. Рұқсаттарды Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары береді.

Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына жүк кіргізу немесе Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы жүк алып өту, құзыретті органдар талабы бойынша олардың өкілдеріне көрсетілетін, осы Келісімде анықталған трансшекаралық және транзиттік тасымал құжаты бойынша ғана жүзеге асырылатын болады.

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҚЫЛАУ

2 1 - б а п

Көлік құралдарына қойылатын техникалық талаптар

Қалпына келтірілгеннен кейінгі Алматы-Бішкек автомобиль жолымен трансшекаралық және транзиттік тасымал үшін пайдаланылатын көлік құралдары көлемі, жүгін қоса ең жоғарғы жалпы салмағы, білікке түсетін күші және басқа көрсеткіштері бойынша осы Келісімнің Қосымшасында анықталған техникалық талаптарға сай келуі тиіс.

Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің аумақтарында орналасқан басқа жолдарда ең жоғарғы көлем, салмақ, білікке түсетін күш бойынша басқадай техникалық талаптар белгіленуі мүмкін.

Уағдаласушы Тараптар Алматы-Бішкек автомобиль жолында Қосымшада анықталған көрсеткіштерге сай келетін, көлемінен артық кеткен деп жіктелмейтін көлік құралдарының қозғалысына, оларды жеке қараусыз, немесе көлемнен асқаны үшін алым алусыз, рұқсат береді.

Өлшемдері Қосымшада көрсетілген рұқсат етілетін көлемнен артық кеткен көлік құралдары ең жоғарғы рұқсат етілетін көлемнен асып кеткен (ірі көлемді) деп жіктелетін болады.

Жалпы салмағы Қосымшада анықталған рұқсат етілетін көрсеткіштен артық, немесе

жүгімен, әйтпесе жүксіз білікке түсетін күші бар көлік құралдары ең жоғарғы рұқсат етілетін салмақтан асып кеткен (ауыр салмақты) деп есептелетін болады.

2 2 - б а п

Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының өтуі үшін рұқсат беру

Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдары Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына әрбір Уағдаласушы Тараптың тиісті құзыретті органы берген арнайы рұқсат бойынша және осы рұқсатта анықталған шарттар негізінде өткізілетін болады. Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткелі ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарын өткізу бекеті болып табылады.

Уағдаласушы Тараптар Қосымшада анықталған көлемнен асатын ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарын өткізуге рұқсат берген жағдайда ішкі заңдарымен анықталған белгілі алым алуына болады.

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің аумағында артық мөлшердегі жүк артқан көлік құралының қозғалысына тиісті бақылау жүргізеді, соның нәтижесінде Қосымшада анықталған ең жоғарғы көлем, салмақ, білікке түсетін күш мөлшерінің межесінен асып кетпеуін, мүмкіндігінше, қамтамасыз етуге әрекет етеді. Мұның бөлінбейтін жүкті тасымалдауға қатысы жоқ.

2 3 - б а п

Ауыр салмақты көлік құралдарын бақылау

Уағдаласушы Тараптар Қосымшада анықталғандай көлік құралдарының салмағы жағынан, әйтпесе білікке түсетін күші жағынан артық жүк артылуын азайту үшін төмендегі жолмен күш-жігерін жұмсайтын болады:

артық жүкті әкімшілік құқық бұзушылығы деп қарастырып айыппұл төлететін тиісті заңдарды пайдалану, және Қосымшада анықталған өлшемдерге оның көрсеткіштері сәйкес келгенге дейін көлік құралынан тауарды түсіру. Мұның осы Келісімнің 23-бабына сәйкес арнайы рұқсат алған көлік құралына қатысы жоқ;

Қосымшада анықталғандай ТМД елдерінде қолданылатын халықаралық

шектеулерге сай келетін белгі қойылған Алматы-Бішкек автомобиль жолында және басқа кез-келген жолда көлік құралының рұқсат етілетін салмағын шектеуді қолдану; және

тәуекел факторын бағалауға негізделген, мысалға, көзбен бақылау арқылы, әйтпесе құжаттағы хабарламаға негіздей отырып, таңдап алып пайдалануға болатын, платформалы таразы мен білікке түсетін күшті өлшейтін

аспап тәрізді тиеулі салмақты бақылау жүйесін пайдалану.

ЖАЛПЫ ШЕКАРА МАҢЫНДА ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

24-бап

Трансшекаралық өткелде және жол бойында
кеден бажынан тазартуды тездету

Уағдаласушы Тараптар мыналар үшін Ақжол-Шу (Қордай) шекарасы арқылы, немесе транзитпен өтетін жүк ағымының біркелкі және тез қозғалысын қамтамасыз ету үшін күштерін жұмылдыруға кепілдік береді:

Ақжол-Шу (Қордай) өткеліндегі аралық нүктелерде заңмен көзделген нысандылықтардан тез өткізу үшін халықаралық көлікті, сауда құжаттарын және жеңілдетілген тексеру жүргізуде тиісті тәжірибесі бар арнайы дайындалған адамдармен қамтамасыз ету;

Уағдаласушы Тараптар мемлекетінің өткел аумағында орналасқан кәсіпорындарға қолайлы жұмыс режим орнату;

көлік және сауда құжаттарының біркелкі нысанын қабылдау арқылы Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында тез және тиімді тауар транзитіне қолдау көрсету;

шекарада тексеру кезінде және жөнелту-қабылдау бекеттерінде тазарту барысында кідірту жағдайларын азайту үшін шекарада және жол бойында тауарды тексеруден туындайтын қауіпті бағалау рәсімін жүзеге асыруды қарастыру;

көлік құралдарына қатысты құжаттама мен рәсімдерді тасымалданатын тауардың құжатынан бөлектей отырып, шекарадан өтетін және транзитпен қозғалатын жол көліктерін өткізуді тездету мақсатында қазіргі тазалау рәсімін қарастыру;

екі рет тексеруден өтуді болдырмау үшін Уағдаласушы Тараптардың

тиісті құзыретті органдарының Ақжол-Шу (Қордай) өткеліндегі аралық нүктелерде заңдарда көзделген бақылаудың барлық түрлерін бір мезгілде өткізуді қолдануды қарастыру;

шекара нүктелерінде тауарды тізімге алу мақсатында кедендік тазартудың компьютерлік жүйесін енгізу; және

кеденге Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері арасындағы саудаға жағдай жасайтын және жәрдемдесетін өзгерістерді енгізуге көмектесу.

КЕДЕН БАҚЫЛАУЫ МЕН РӘСІМДЕРІ

25-бап

Кеден рәсімдерін оңайлату және келістіру

Уағдаласушы Тараптар Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткелі арқылы және өз мемлекеттерінің аумағынан өтетін көлік құралдарының, тауарлардың, жүк пен жолаушылардың кедендік бақылауын оңайлату және келістіру жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

26-бап

Ішкі заңдар

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің автомобиль көлігі саласындағы ішкі заңдары шекара өткелі арқылы транзиттік режимде өтетін көлікке осы Келісіммен белгіленген шеңберде, бірдей және тежеусіз қолданылатын болады.

27-бап

Халықаралық Конвенциялар

Осы Келісім мұндай конвенциялардың қатысушылары болып табылатын мемлекеттердің тасымалдаушылары арасында ғана дау туындаған жағдайда Келісімде берілген талаптарға қатысты халықаралық конвенциялардың міндетті ережелерін орындауға кедергі келтірмейді.

28 - б а п

Кеденнің транзиттік жүйелері

Уағдаласушы Тараптар тауарлардың өз мемлекеттері аумақтарында қозғалысы үшін Халықаралық Кеден Конвенциясына сай жүк пен көлік құралдары үшін кеденнің транзиттік жүйесін құратын болады.

TIR Конвенциясымен (1975 жылғы) қамтылған Халықаралық Тауар Тасымалдау туралы Кеден Конвенциясының тараптары болып табылатын Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияның ережелерін толығымен сақтайтын болады. Бұл Конвенцияның ережесін орындамаған Уағдаласушы Тарап оның шарттарына мүмкіндігінше сай болуға тырысады және Конвенцияны мүмкіндігінше тез арада орындай бастайтын болады.

2 9 - б а п К е д е н / с а у д а н ы ү й л е с т і р у

Уағдаласушы Тараптар Мемлекеттік Кеден мен сауда ұйымдары және Қазақстанның ұлттық экспедиторлары Қауымдастығы, Халықаралық автомобиль көлігі одағы және т.с. басқалармен арадағы байланысты жетілдіре алатын, сауда мен көлікті бірлесе дамыту мүдделеріне кіретін Кедендік үйлестіру комитеті тәрізді мекемелердің өсуіне қолдау көрсететін болады.

Уағдаласушы Тараптар заңсыз төлем алуды қысқарту және баждарды/салық міндеттерін азайту мақсатында баж салығы мен қосымша құн салығының мөлшерін анықтайтын мемлекеттік қызметкер мен импорттаушы тұлғаның, немесе оның өкілінің іс-қимылын қысқарту амалдарын қарастырады. Құжаттарды өңдеу

мен тауарларды көріп-тексеру рәсімдерін бөлу, автоматтық жүйелерді пайдалану секілді балама жүйелер де қаралатын болады.

30-бап Оқыту

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттік қызметкерлерді қазіргі заманғы кеден рәсімдеріне оқытып, оларды дәйекті пайдалануды қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасына мыналар енгізіледі:

- TIR Конвенциясы бойынша құжаттаманы өңдеу;
- қауіпті бағалау тәсілін пайдалану;
- көлік құралдарын тексеру жүйесі;
- компьютерлік технологиямен таныстыру.

31-бап Қауіпті бағалау тәсілін пайдалану

Уағдаласушы Тараптар Ақжол-Шу (Қордай) шекарасында және тазарту

нүктелерінде жүк көлігін тексеруден өткізу үшін қауіпті бағалау тәсілінің тұжырымдамасын белгілейді. Мәлімет қауіп негізінде жүктерді өткізудің шекарадан өтетін және жол бойында жүрген барлық көлік құралдары үшін алынған 5%-тен аспайтын көмескі таңдалған ставкасын қоса халықаралық

тәсілдеріне негізделеді.

32-бап

Мөр басу ісін қадағалау

Уағдаласушы Тараптар кеден құжаттарына басылатын мөрдің санын - жұмыстық және бақылау - деген екі мөрге дейін шектеп, қысқартуға ұмтылатын болады.

33-бап

Кедендік тазартудың автоматтық жүйесі

Уағдаласушы Тараптар сауда жүйесінің мәлімет базасына байланыстың тікелей енуін пайдаланып, мәліметті сырттан тікелей кіргізу мүмкіндігі бағдарланған және автоматты өңдеудің Халықаралық Стандартқа сай Кедендік Тазартудың Автоматтық жүйесін енгізу үшін техникалық мәністер мен қаржылық қажеттіліктерді қарайтын б о л а д ы .

Уағдаласушы Тараптар жүкті тіркеуге алу және орталықтандырылған Кедендік Тазартудың Автоматтық жүйесіне байланыс орнату мақсатында Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткіліне компьютер орнатуға қатысты техникалық мәністер мен қаржылық қажеттіліктерді қарайтын болады.

3 4 - б а п

Кеден алымдарының жүйесі

Уағдаласушы Тараптар тауар импорттаушы/экспорттаушы тұлғалармен немесе олардың өкілдерімен қолма-қол ақшалай есеп айырысу жайларының санын азайтуды еске ала отырып, банкілік мәмілелердің тікелей пайдасы үшін өзінің алымдар жүйесін қарайтын болады.

3 5 - б а п

Кедендік ілеспе

Уағдаласушы Тараптардың кеден органдары тасымалдауда жоғары қауіп бар тауарларды халықаралық транзитпен өткізуде өз мемлекеті аумағында транзитпен жүріп өту барысында оның кедендік айдауылдық ілеспе жүйесі бойынша кедендік бақылауда қалуын талап етуге құқығы болады.

Кедендік ілеспе рәсімдерін пайдалану талан-таражға түсуге немесе салық/баж төлеуден жалтаруға бейім деп есептелетін акцизді топ тауарларын қамтитын болады.

Уағдаласушы Тараптар Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткелінде және

Алматы-Бішкек автомобиль жолында транзиттік қозғалыс барысында қисынсыз кідіріс уақыты болмайтындай көлемде ілеспені жүзеге асыру үшін тиісті техникалық ресурстарды дайындауға келіседі.

Уағдаласушы Тараптар ілеспе қызмет көрсетулерінің шығынын толтыруға құқылы болады. Ондай төлем есебінің негізі ретінде шекара маңындағы және транзиттік саудаға әсер етуі мүмкін деңгейлерде белгіленбейтін, нақты шыққан шығын алынады.

ҚҰЖАТТАМА МЕН РӘСІМДЕР

36-бап

Құжаттарды бір қалыпқа келтіру
және оларды рецензиялау

Уағдаласушы Тараптар құжаттарды тексеріп қарау және рәсімдерден өту көп материалдық және уақыт шығынын талап ететінін, соның нәтижесінде трансшекаралық және транзит қозғалыстарының тиімділігіне әсер ететінін мойындайды және сондықтан бұл шығындар мен кідіріс уақытын ең аз мөлшерге төмендетуге келіседі.

Осы бағытқа сәйкес Уағдаласушы Тараптар мыналарға міндеттенеді:
трансшекаралық және транзиттік тасымалдар үшін өтуі шартты рәсімдер мен ресімділіктерді мүмкіндігінше қысқартуға және құжат сандарын шектеуге;
сауда құжаттары бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ережелеріне сәйкес өз аумағындағы іс жүзіндегі құжаттарды өзгертуге;
халықаралық саудада әдетте күнделікті пайдаланылатын тауарлар кодтарының мүмкіндігінше көп сандарын және сипаттамаларын келістіруге;
шекаралық және транзиттік сауда үшін белгіленген құжаттар мен

рәсімдердің қажеттілігі мен пайдалылығын оқтын-оқтын қайта қарап отыруға;
артық немесе ешқандай айқын мақсаты жоқ деп бағаланған барлық құжаттар мен нысаншылдық талаптарды жоюға.

37-бап

Кедендік тазарту стандарттары

Уағдаласушы Тараптардың кеден органдары егер құжаттары дұрыс, ал тауарларын тексеріп көруге болатындай болған жағдайда құжаттарды тексерудің барлық рәсімдерін аяқтауды және кедендік тазалаудан өтуді қамтамасыз ететін қажетті құжаттарды бергеннен бастап 24 сағат ішінде тиісті шараларды енгізетін болады.

38-бап

Шекаралық транзиттік құжаттар

Уағдаласушы Тараптар жүк көлігінің Ақжол-Шу (Қордай) шекара өткелінен өтуі үшін қойылатын мынадай ең кіші талаптарға келісім береді:

жүргізушілер үшін
жүргізуші куәлігі, төлқұжат немесе жеке куәлігі;
көлік құралы үшін
халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға арналған рұқсат;
тіркеу құжаттары
арнайы рұқсат (қажет болғанда)
тауар үшін
жүк кеден декларациясы
жүк құжаты;
тауардың жеткізіп берілуін бақылау құжаты;
TIR-карнет (TIR шарттарымен жүрген жағдайда);
CMR Халықаралық тауар-көлік жүкқұжаты (CMR шарттары бойынша жүрген жағдайда).

Рұқсат (егер тұрақты бағыттағы автобус болса немесе оқтын-оқтын бағыт автобусы үшін балама өкілетті құжат).

Келісімнің Тараптары Ақжол-Шу (Қордай) шекарасында осы құжаттарды тексерудің өз рәсімдерін шекаралық бақылаумен шектеуге келіседі.

39-бап

Тауар мен көлік құралдарының құжаттары

Уағдаласушы Тараптар шекарадан өтуге және транзиттік көліктің жүруіне қатысты құжаттардың бар талаптарын жүргізушіден және оның көлік құралынан және оларға тиесілі тасымалданатын тауарларынан да талап етілетін құжаттардың қайта-қайта тексерілетіндігін еске ала отырып, тексеретін

болады. Бұл тексеру мыналарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді анықтау үшін қажет:

кеден бақылауының қарамағындағы тауарды түсіретін көлікті тез өткізуге;

көлік құралына тауар артулы тұрған кезде көп рет тексеретін қазіргі жағдайдағы тексеру санын азайтуға;

тіркелген кеден қоймасын үдемелі пайдалануға; және сүйреушісі жоқ тіркемені тазартуға.

40-бап

Тасымалданатын жүктің артық тиелуі

Уағдаласушы Тараптар бір Уағдаласушы Тараптың мемлекет аумағынан екіншісіне ақырғы бөлу үшін импортталатын жүктің салмағына қатысты бар құжаттар мен рәсімдерді тексеретін болады. Бұл шара халықаралық көлік қызметін аймақтық тиімді бөлу тұжырымдамасына қолдау көрсету мақсатында кедендік құжаттардың талап етілетін санын және жүкті артық тиеу

нүктесіндегі рәсімдерді қысқарту үшін жасалады.

41-бап

Екі жақты сауда

Уағдаласушы Тараптар екі жақты саудаға қатысты, мұндай сауданы қолдау мақсатында бар құжаттар мен рәсімдерді тексеретін болады. Екі жақты сауданы жүзеге асыруға талап етілетін жалғыз құжат ретінде Жүк Декларациясы мен Көлікке Тіркеме қағазын пайдалану мүмкіндігін еске алу қажет.

42-бап

Құжаттар мен рәсімдердің өзгергені туралы хабарлау

Уағдаласушы Тараптар шекарадан өтуге немесе транзиттік көлік тасымалына қатысты қаралған құжаттар мен рәсімдерге енгізілетін кез-келген қосымша талаптар немесе өзгерістерге байланысты бір-бірін алдын-ала хабардар ететін болады.

КЕЛІСІМНІҢ ШАРТТАРЫ

43-бап

Мониторинг және Келісімді жүзеге асыру

Уағдаласушы Тараптар осы Келісім күшіне енген уақыттан бастап 6 айдың ішінде қосымша бюджет қаржысын алмастан, шекара өткелі мен транзит мәселелері бойынша мониторингті, іске асыруды және үйлестіруді қамтамасыз ететін құрылымды құруға келісім береді. Бұл құрылымды екі келісімде де келтірілген транзиттік тасымалдау қағидаларын біріктіру мақсатында Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының (ЭЫҰ) Транзиттік тасымалдар жөніндегі Негізгі келісім шеңберінде құрылған Транзит-көлік үйлестіру кеңесінің ішінде шоғырландыру ұсынылады.

4 4 - б а п

Дау - дамайларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша дау-дамай туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар оны келіссөз жүргізу және кеңесулер жолымен шешетін болады.

Осы Келісімге екі тараптың өзара келісуімен жеке хаттамамен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

4 5 - б а п

Күшіне ену тәртібі

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалған және Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша мәлімдеме алынған күннен бастап күшіне енетін болады.

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Келісімнің күші бар мерзім ішінде

туындаған жайларды алдын ала реттеп, шығуына дейін кемінде алты ай бұрын екінші Уағдаласушы Тарапқа осы Келісімнің күшін жою туралы жазбаша мәлімдеме жіберіп, осы Келісімнің күшін жоюы мүмкін.

1999 жылғы 15 қарашада Бішкек қаласында екі түпнұсқалық данада қазақ,

қырғыз, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімді түсіндіру мақсаты үшін Тараптар орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Қосымша
Көлік құралының салмағы мен көлемі

Анықтамалар

Осы Қосымшаның мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен терминология қолданылады:

"жүк машинасы" - жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралы

"сүйрегіш" - тіркемені немесе жартылай тіркемені сүйретуге арналған моторлы көлік құралы

"тіркеме" - сүйрегішпен немесе жүк машинасымен сүйретілетін жүк тасымалдауға арналған көлік құралы

"жартылай тіркеме" - сүйрегішке немесе жүк машинасына жалғанған тіркеме, оның бөлігі тура сүйрегіш немесе жүк таситын машинаның үстіне орналасқан және сол құралға өз салмағының бір бөлігін салады

"жүк таситын машина-тіркеме" - жүк машинасы мен сүйреткен тіркемеден тұратын қ о с ы л м а л ы к ө л і к қ ұ р а л ы

"сүйрегіш-жартылай тіркеме" - сүйрегіш пен жартылай тіркемеден тұратын қ о с ы л м а л ы к ө л і к қ ұ р а л ы

"автобус" - жолаушылар мен олардың қолжүгін тасымалдауға арналған, жүргізушіні қоса есептегенде 9-дан артық орны бар моторлы көлік құралы

"жалғастырылған автобус" - бір-біріне қосақталып жалғанған екі немесе одан артық бөлінбейтін бөлшектерден тұратын автобус, оның әрбір бөлшегінде жолаушыларға арналған салоны бар, ал жолаушылар оның бір бөлігінен келесісіне оңай бара алады

"көлік құралының көлемі - көлік құралының өлшемдері (ені, биіктігі және ұзындығы)

"бөлінбейтін жүк" - көлік құралымен тасымалдау барысында қосымша шығынсыз немесе тауарды бүлдіріп алу қаупінсіз, оны бөлшектеуге (2 немесе одан көп) келмейтін жүк

"пневматикалық аспа жүйесі" - амортизация міндетін ішіндегі ауа атқаратын және 75% төмен емес амортизациялық әсері бар аспа жүйесі.

Көлік құралдарының ең үлкен көлемі

Осы Келісімнің 22-бабында көрсетілген көлік құралының ең үлкен көлемі мынадай өлшемдерден аспауы тиіс:

Ең үлкен ұзындық	метрмен
Жүк машиналары	12
Тіркемелер	12
Жалғанған сүйрегіштер (сүйрегіш + жартылай тіркеме)	18
Тіркемелі жүк машинасы (металл штангамен қосқанын бірге алғанда)	20
Автобус	12
Жалғастырылған автобус	18

Ең үлкен ені	метрмен
Көлік құралдарының барлық түрі	2,50

Ең үлкен биіктігі	метрмен
Көлік құралдарының барлық түрі	4,00

Өзара байланысты мәселелер

Жоғарыда келтірілген ең үлкен көлемдер құрамына жүк немесе контейнер секілді кез-келген алынатын дене өлшемі бірге кіреді.

Барлық көлік құралдарының қозғалыс кезіндегі бұрылыста сыртқы радиусы - 12,5 метр, ал ішкі радиусы - 5,3 метр болуы шарт.

Көлік құралы ізінің кіндігі бойынша параллель бағытта, оның қаңқасының сыртқы алдыңғы нүктесінен, немесе жүргізуші кабинасының артындағы жүк платформасынан бастап тіркеменің қаңқасының сыртқы артқы нүктесіне дейінгі өлшемнен сүйретушінің артқы бөлігі мен тіркеменің алдыңғы бөлігі арасындағы қашықтықты алып тастағандағы ең үлкен ұзындық 17 метрден артық болмауы керек.

Е с к е р т у

Көлік құралдарының барлық көрсетілген ең үлкен стандарт көлемдері Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік күші бар стандарттық нормативтеріне сәйкес келуі тиіс.

Көлік құралы ізінің кіндігімен (ұзындығынан) параллель бағытта оның қаңқасының сыртқы алдыңғы нүктесінен, немесе жүргізуші кабинасының артындағы жүк платформасынан бастап жартылай тіркеменің денесінің сыртқы артқы нүктесіне дейінгі ең үлкен ұзындық 16,4 метрден аспауы тиіс;

Көлік құралына артқан жүк көлік құралының, немесе тіркеменің сыртқы артқы нүктесінің сыртына қарай 2,00 метрден артық мөлшерге шықпауы тиіс;

Жүк машинаның артқы білігі мен тіркеменің алдыңғы білігі арасындағы қашықтық 3 метрден кем болмауы тиіс;

Жартылай тіркеменің бекітілген құлыбы мен сол тіркеменің алдыңғы бөлігі арасындағы көлденең қашықтық 2,04 метрден артық болмауы тиіс; Көлік құралының ұзындығы ХСҰ (Халықаралық стандарт ұйымы) 612-1987 стандартының 6.1-параграфы бойынша өлшенуі тиіс.

Көлік құралына орнатылған төмендегі аспаптар көлік құралының ұзындығын өлшегенде есепке алынбауы тиіс:

- доңғалақ қанаты мен әйнек тазалайтын аспап;
- алдыңғы және бүйірдегі нөмір белгілері;
- вулканизация аспаптары мен оны сақтайтын құралдар;
- шатырда бекітілген құралдар;
- электр жарық жүйесі;
- айналар мен артты қарайтын аспаптар;
- түтін түтігі;

тіркеме құлыбының бастырғысы, немесе ұзындығы 200 мм-ден аспайтын ұқсас басқа құрал және ол өндіруші анықтаған көлік құралының рұқсат етілген норматив салмағынан артық емес болып орналастырылған болуы керек.

Көлік құралының биіктігі ХСҰ 612-1987 стандартының 6.3-параграфына сай өлшенуі тиіс. Көлік құралының биіктігін өлшеу барысында келесі құралдар кірістірілмеуі тиіс:

көтерілген жаздайдағы антенна-паптограф.

Білігін көтеруге арналған құралы бар көлік құралдарында ол құралдың әсері есепке алынатын болады, және:

Көлік құралының екі МСО 612-1987 стандартының 6.2-параграфына сай өлшенуге тиіс. Көлік құралының енін өлшеу барысында келесі өлшемдер

кірістірілмеуі тиіс:

вулканизация аспаптары мен оны сақтайтын құралдар;
шатырда бекітілген құралдар;
доңғалақ тозығын өлшейтін аспап;
доңғалақ қанаты;
электр жарығы аспаптары;
платформаға бекітілген саты немесе көлік құралының әр жағынан 10 мм-ден аспайтын мөлшерде шығып тұрған басқа ұқсас құралдар;
артқа қарайтын айналар;
доңғалақ қысымының көрсеткіші;
жиналмалы сатылар, немесе баспалдақтар;
жолдың бетімен тұрған доңғалақтың томпайған беті.

Көлік құралының ең үлкен салмағы

Осы Келісімнің 22-бабында келтірілген көлік құралының ең үлкен салмағы мынадай мөлшерден аспауы тиіс:

Жүк машиналары (тоннамен)

екі білікті жүк машиналары	18
үш білікті жүк машиналары	24
пневматикалық қондырғылы немесе ұқсас аспалы жүйелі, қозғалмалы білігі бар үш білікті жүк машинасы	25
пневматикалық қондырғылы немесе ұқсас аспалы жүйелі, қозғалмалы білігі бар төрт білікті жүк машинасы	32

Жалғастырылған көлік құралының бөлігі болып табылатын көлік құралдары (тоннамен)

- екі білікті тіркеме	18
- үш білікті тіркеме	24

Құрастырылған көлік құралдары (тоннамен)

екі білікті сүйрегіш және біліктер мен жартылай тіркеме арасындағы қашықтық 1,3 метрден артық, бірақ 1,8 метрден кем болатын екі білікті жартылай тіркеме 36

екі білікті сүйрегіш және біліктерімен жартылай тіркеме арасындағы қашықтық 1,8 метрден артық емес екі білікті жартылай тіркеме 38

екі білікті сүйрегіш және үш білікті жартылай тіркеме 38

үш білікті сүйрегіш және екі білікті жартылай тіркеме 38

үш білікті сүйрегіш және үш білікті жартылай тіркеме 38

Жоғарыда келтірілген құрастырмалы түрдегі 18 т жүк машинасы мен 20 т жартылай тіркемеден құралатын көлік құралы егер оның екі доңғалақтан құралған екі білігі бар болса және пневматикалы құралмен, немесе ұқсас аспалы жүйемен жабдықталған болса, онда өз салмағын тағы 2 т-ға ұлғайтуына болады.

Тіркемелі жүк машинасы тоннамен

Екі білікті жүк машинасы және екі білікті тіркемесімен бірге 36

Тіркемелі басқа жүк машиналары 38

Автобустар

Екі білікті автобус 18

Үш білікті автобус 24

Біріккен үш білікті автобус 28

Біріккен төрт білікті автобус 28

Көлік құралының білігіне түсетін ең жоғары күш

Осы Келісімнің 22-бабына сәйкес көлік құралының білігіне түсетін ең жоғары күш мөлшері келесі межеден аспауы тиіс:

Жалғыз білік тоннамен

Жетексіз 10

Жетекті және екі доңғалақты 10

Қос білік

Қос доңғалақты тіркемелер мен жартылай тіркемелердің екі білігі үшін егер білік арасының қашықтығы мынадай болса білікке түсетін күш мынадан

артық болмауы тиіс:

Қашықтығы 0,5 метрден артық, бірақ 1 метрден кем	12
1 метрден артық, бірақ 1,3 метрден кем	14
1,3 метрден артық, бірақ 1,8 метрден кем	16
1,8 метр, немесе одан көп	18

Қос білікті тіркемелер немесе бір доңғалақты жартылай тіркемелер, егер олардың білік аралық қашықтығы төмендегідей болса, білікке түсетін күш мынадан артық болмауы тиіс:

Қашықтығы 0,5 метрден артық, бірақ 1 метрден аз	11
1 метрден артық, бірақ 1,3 метрден кем	13
1,3 метрден артық, бірақ 1,8 метрден кем	15
1,8 метр, немесе одан көп	17

Үш білік

Үш білікті тіркеме, немесе екі доңғалақты жартылай тіркеме, егер білік аралық қашықтығы төмендегідей болса, білікке түсетін күш мына мөлшерден артық болмауы тиіс:

Қашықтығы 0,5 метрден көп, бірақ 1 метрден аз	16,5
1 метрден көп, бірақ 1,3 метрден аз	19,5
1,3 метрден көп, бірақ 1,8 метрден аз	22,5
1,8 метр, немесе одан көп	25,5

Үш білікті тіркеме, немесе бір доңғалақты жартылай тіркеме егер білік аралық қашықтығы төмендегідей болса, білікке түсетін күш мына мөлшерден артық болмауы тиіс:

Қашықтығы 0,5 метрден көп, бірақ 1 метрден аз	15,0
1 метрден көп, бірақ 1,3 метрден аз	18,3
1,3 метрден көп, бірақ 1,8 метрден аз	21,0
1,8 метр, немесе одан көп	24,0

Басқа құралымдар

Екі білікті және екі доңғалақты жүк машиналары мен автобустарда, егер білік аралық қашықтығы келесідей болса, білікке түсетін күш мынадан артық болмауы тиіс:

Қашықтығы 0,5 метрден көп, бірақ 1 метрден аз	12
1 метрден көп, бірақ 1,3 метрден аз	14
1,3 метрден көп, бірақ 1,8 метрден аз	16

1,8 метр, немесе одан көп	18
пневматикалық, немесе оған ұқсас аспалы жүйесі бар	1,8 метр, немесе одан көп
	19

Екі білікті және бір доңғалақты жүк машиналары мен автобустарда, егер білік аралық қашықтығы келесідей болса, білікке түсетін күш мынадан артық болмауы тиіс:

Қашықтығы 1 метрден аз	11
1 метрден көп, бірақ 1,3 метрден аз	13
1,3 метрден көп, бірақ 1,8 метрден аз	15

Көлік құралының жалпы салмағының білікке түсетін күші

Жетектеуші біліктердің салмағы жүк машинасының немесе жалғанған көлік құралының жалпы салмағының 25%-нен кем болмауы тиіс.

1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі - "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Алматы-Бішкек бағыты бойынша шекаралық өту туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 44-бабына сәйкес төмендегілер туралы келісті:

Келісімнің 12-бабы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Уағдаласушы Тараптар Ақжол-Шу (Қордай) шекаралық өту арқылы немесе Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзиттік тасымалдарды жүзеге асыруға, соның ішінде осы міндеттеме Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамаларының ережелеріне жолдардың ақылы учаскелері бойынша жүру үшін, жолдарға техникалық қызмет көрсету үшін, экологиялық алымдар және рұқсат беруге байланысты алымдар үшін автокөлік құралдарынан алынатын алымдарға қатысты, осы Келісім күшіне енген күнге қолданылып жүрген және Уағдаласушы Тараптар үшін міндетті күші бар, ұқсас мәселелерді реттейтін, екі жақты және көп жақты халықаралық шарттардың ережелеріне қайшы келмейтін болады деген шартпен,

көрсетілген транзиттік тасымалдарды кеден баждарынан, салықтардан, алымдардан босатуға жәрдемдесетін шараларды қабылдауға міндеттенеді".

Осы Хаттама көрсетілген Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласында 2001 жылғы 31 мамырда қазақ, қырғыз, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды, мұның өзінде барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманы түсіндіру мақсатында Тараптар орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.